

"Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 14 желтоқсан N 269-II

"Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Z980278_
Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің
Жаршысы, 1998 ж., N 16, 220-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заң асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында қызметті жүзеге асырудың құқықтық, ұйымдық және экономикалық негіздерін белгілейді, асыл тұқымды малдың тектік қорын сақтауға және көбейтуге, сондай-ақ оны өз төлінен өсіруге және өнімдік сапасын жақсартуға бағытталған, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласымен айналысатын мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін реттейді.".

2. 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұфымдар

Осы заңда мынадай негізгі ұфымдар пайдаланылады:

1) аккредитациялау - белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін заңды тұлғалардың асыл тұқымды өнімнің (материалдың) асыл тұқымдық құндылығын анықтау бойынша қызмет көрсету жөніндегі жұмысты жүзеге асыруға құқылы болуын стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның ресми тануы;

2) атtestat - асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган беретін, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің қызметін мемлекеттің тануын куәландыратын құжат;

3) атtestаттау - асыл тұқымды өнімнің (материалдың) асыл тұқымдық құндылығын анықтау жөнінде қызмет көрсететін жеке және заңды тұлғаларды қоспағанда, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерге мезгіл-мезгіл жүргізетін комиссиялық бағалау;

4) бағалау - малдың асыл тұқымдық құндылығының деңгейін тиісті сынып бере отырып, оларды белгілер кешені (тұқымдылығы, өнімдік сапасы, сыртқы түрпattyқ-бітімдік ерекшеліктері) бойынша бағалау арқылы анықтау;

5) асыл тұқымды малдың мемлекеттік кітабы - Қазақстан Республикасында бар, шығу тегі, өнімділігі мен асыл тұқымдық сапасы жағынан неғұрлым құнды белгілі бір тұқымға жататын мал туралы деректер жиынтығы;

6) асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімі - асыл тұқымды малдың және асыл тұқымды мал табындарының сан және тұқым құрамы туралы деректер жиынтығы;

7) асыл тұқымды өнім (материал) сату жөніндегі дистрибутерлік орталық (бұдан әрі - дистрибутерлік орталық) - асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган атtestаттаған, асылдандырушылар деп танылған асыл тұқымды малдың ұрығы мен эмбриондарын сатып алуға, сақтауға және сатуға маманданған заңды тұлға;

8) мал - адам өсіретін, ауыл шаруашылық өндірісіне тікелей қатысы бар ауыл шаруашылығы малы мен құсының барлық түрі;

9) зауыттық тип - тұқымның бір бөлігі болып табылатын, сол тұқымға ортақ қасиеттермен қатар өнімділігі, түркы мен бітімінің сипаты жөнінен өзінің кейбір айрықша ерекшеліктері бар, өсірілетін аймақтың жағдайына жақсы бейімделген, ауруға төзімді ауыл шаруашылық малының тобы;

10) кросс - малдың бір тұқымдық желісін басқа бір тұқымдық желісімен шағылыстырудан тарайтын мал тобы;

11) тұқымдық желі - бір немесе бірнеше үздік тұқымдық малдан тарайтын ауыл шаруашылық малының бір тұқым ішіндегі немесе тұқымаралық тобы;

12) ен салу (таңбалау) - тиісті малды дәл сәйкестендіруге мүмкіндік беретін нөмір салу (татуировка жасау, таңба басу, сырға тағу) арқылы асыл тұқымды малды белгілеу;

13) асыл тұқымды өнім (материал) - асыл тұқымды мал, оның ұрығы, эмбриондары;

14) асыл тұқымдық құндылық - асыл тұқымды малдың тектік әлеуетінің төлдің шаруашылыққа пайдалы белгілеріне ықпал ететін деңгейі;

15) асыл тұқымды мал шаруашылығы - мал шаруашылығының малды асылдандыру жұмысының жүйесімен қамтылған, тектік әлеуеті жоғары малды өз төлінен өсіруге, оларды сақтауға және өсіруге бағытталған саласы;

16) асыл тұқымды мал - өнімділік типіне, бағыты мен деңгейіне, тұқым стандартына сай келетін, құжатпен расталған шығу тегі бар таза тұқымды, тұқымы жақсы, өнімділігі жоғары мал;

17) малды асылдандырушы шаруашылық - асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган атtestаттаған, белгілі бір тұқымға жататын сапасы анықтаудан өткен зауыттық, бір тұқым ішіндегі, аймақтық типке, зауыттық тұқымдық желіге, кросска, тұқым тобына жататын құндылығы жоғары малды өсірумен, жетілдірумен және сатумен айналысатын шаруашылық жүргізуші субъект;

18) асыл тұқымды мал зауыты - асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган атtestаттаған, белгілі бір тұқымға жататын сапасы анықтаудан өткен зауыттық, бір тұқым ішіндегі, аймақтық типке, зауыттық тұқымдық желіге, кросска, тұқым тобына жататын құндылығы жоғары малды өсірумен, жетілдірумен және сатумен айналысатын шаруашылық жүргізуші субъект;

19) малды асылдандырушы орталық - асыл тұқымды мал шаруашылығы

саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган аттестаттаған, асыл тұқымды тұқымдық мал үстайтын, олардың ұрығын алумен, жинақтаумен, сақтаумен, сондай-ақ асылдандырушылар деп танылған тұқымдық малдың ұрығын сатумен айналысатын занды тұлға;

20) тұқым - адамның шығармашылық қызметінің ықпалымен белгілі бір шаруашылық және табиғи жағдайда қалыптасқан, "өз ішінде" өсіру үшін саны жеткілікті және ірікten алып, ірікten бөліп, тектік типіне сәйкес келетін технологиялық жағдай жасап, қолдау көрсетілетін шаруашылық және асыл тұқымдық құндылығы, сондай-ақ оны бір түрге жататын басқа тұқымдардан ерекшелендіретін морфологиялық, физиологиялық және шаруашылыққа пайдалы қасиеттерінің белгілі бір өзгешелігі бар шығу тегі ортақ бір түріне жататын ауыл шаруашылық малының тобы;

21) шектеулі тектік қоры бар тұқым - сирек кездесетін және дұние жүзінде өзіне ұқсасы жоқ, селекциялық мақсаттарда пайдалану үшін қажет және құрып кету қаупі төнген отандық тұқымға жататын мал тобы;

22) малдың ата-тегі - бірнеше буын төлдің ата-енесі және арғы тегі туралы мәліметтер келтірілген, асыл тұқымды малдың шығу тегі;

23) қолдан шағылыстыру - жеке-жеке іріктеліп алынған малды маманның бақылаумен шағылыстыру;

24) сәйкестік сертификаты (асыл тұқымдық куәлік) - аккредитацияланған органдар беретін, асыл тұқымды малдың шығу тегін, өнімділігін және өзге де сапасын, сондай-ақ ата-енесінің шығу тегін және ұрықтың немесе эмбрионның сапасын растайтын құжат;

25) тұқым тобы - тұқымдағы ұздік аналық малдан тарайтын буындағы ұрғашы малдан тұратын өнімділігі жоғары асыл тұқымды мал тобы;

26) тұқым стандарты - малды бағалаған кезде өнімділігі, тұрқының типі мен шығу тегі жөнінен тұқымға қойылатын, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен нормативтік құжаттарда белгіленген ең төмен талаптар;

27) эмбриондарды телу (алмастырып салу) - құндылығы жоғары малдан төл басын көбірек алушың биотехнологиялық тәсілі;

28) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган - асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты берілген өкілеттік шегінде іске асыратын орталық атқарушы орган;

29) малды өз төлінен өсіру жөнінде қызмет көрсететін жеке және (немесе) занды тұлғалар - асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган аттестаттаған, малды өз төлінен өсіру жөнінде қызмет көрсететін жеке және (немесе) занды тұлғалар;

30) малдың асыл тұқымдық құндылығын анықтау жөнінде қызмет көрсететін жеке тұлғалар - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органда Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен

аттестаттаудан өткен жеке тұлғалар;

31) эмбрион - ұрықтанған жұмыртқа клеткадан дамитын ұрық;
32) малдың асыл тұқымдық құндылығын анықтау жөнінде қызмет көрсететін заңды тұлғалар - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган аккредитациялаған заңды тұлғалар (тұқым қуалаушылық-тектік, төзімділік-тектік зертханалар, сұттің, жұннің сапасын селекциялық бақылау зертханалары, ипподромдар, мал шаруашылығының бақылау-сынақ станциялары және басқалар).".

3. 3-баптың тақырыбы мен бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
"3-бап. Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал

шаруашылығы туралы заңдары

Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституациясына K951000_ негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.".

4. 6-баптың екінші бөлігінде "сертификат (куәлік)" деген сөздер "сәйкестік сертификаты (асыл тұқымдық куәлік)" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:
"7-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің экономикалық қызметінің ерекшеліктері

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен құрылып, жұмыс істейді.

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің қызметін қайта бейімдеуге Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда жол беріледі.".

6. 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:
"9-бап. Асыл тұқымды өнім (материал) экспортты мен импорты Асыл тұқымды өнім (материал) экспортты мен импорты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.
Асыл тұқымды өнім (материал) экспортты Қазақстан Республикасының аккредитацияланған және уәкілетті органдары тиісінше берген сәйкестік сертификаты (асыл тұқымдық куәлік) және ветеринариялық куәлік болған жағдайда жүзеге асырылады.

Асыл тұқымды өнім (материал) импортты экспорттаушы елдің реисми органдары берген және Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті мемлекеттік органдары таныған ветеринариялық куәлік пен сәйкестік сертификаты (асыл тұқымдық куәлік) болған жағдайда жүзеге асырылады.".

7. 2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
"2-тарау. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган және оның қызметінің негізгі бағыттары".

8. 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның құзыреті

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) асыл тұқымды малдың тектік қорын дамыту, сақтау мен пайдалану бағдарламасын әзірлейді және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы зандарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

3) аஸыл тұқымды өнімнің (материалдың) асыл тұқымдық құндылығын анықтау және малды өз төлінен өсіру жөніндегі нормативтік құжаттарды бекітеді;

4) аஸыл тұқымды малды және аஸыл тұқымды мал табындарын есепке алу ережелері мен нысандарын әзірлеп, оларды статистика органдарына келісуге ұсынады және аஸыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы деректерді есепке алууды бекітілген нысандар бойынша жүргізеді;

5) аттестаттауды жүргізу тәртібі туралы, шаруашылық жүргізуші субъектілерге аஸыл тұқымды мал зауыты, малды асылдандырушы шаруашылық, малды асылдандырушы орталық және дистрибутерлік орталық мәртебесін беру тәртібі туралы ережелерді әзірлейді және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынады;

6) аஸыл тұқымды өнімнің (материалдың) аஸыл тұқымдық құндылығын бағалау жөнінде қызмет көрсететін жеке және занды тұлғаларды қоспағанда, аஸыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерді аттестаттауды жүргізіп, аттестат береді;

7) Қазақстан Республикасының аஸыл тұқымды мал шаруашылығы туралы зандарының нормалары бұзылған жағдайда аттестаттың қолданылуын тоқтата тұрады, қайталаپ бұзылған жағдайда аттестаттан айыру туралы талап қойып сотқа жүгінеді;

8) аஸыл тұқымды мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау жөніндегі бюджеттік бағдарламаларды әзірлейді;

9) аஸыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектінің әрбір түрі бойынша және әрбір субъектіге орай субсидиялануға тиісті сатылатын аஸыл тұқымды өнімнің (материалдың) жыл сайынғы квотасын аталған мақсаттарға арнап бюджетте көзделген қаражат шегінде белгілейді, олардың нысаналы пайдаланылуын бақылайды;

10) мал шаруашылығындағы жаңа селекциялық жетістіктерді сынақтан өткізеді және сапасын анықтайды;

11) аஸыл тұқымды малдың мемлекеттік кітабын, аஸыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімін және өндірісте пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізеді және басып шығарады;

12) аஸыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы халықаралық қатынастарда

Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді;

13) Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады".

9. 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті

мемлекеттік органның асыл тұқымды мал шаруашылығы

жөніндегі мемлекеттік инспекторлары және олардың өкілеттігі

1. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның басшысы әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің тиісті лауазымдарына "Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы" және "Асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектор" деген қосымша арнаулы атауларды Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен беруге құқылы.

2. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлары:

1) қызметтік күелігін көрсеткен жағдайда асыл тұқымды мал шаруашылығының атtestатталған субъектілеріндегі малды асылдандыру жұмысының, оны есепке алудың және оның есептілігінің жай-күйін тексеруге;

2) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің асыл тұқымды өнімді (материалды) ұстау, азықтандыру, сондай-ақ сақтау жағдайларының сәйкестігін тексеруге;

3) атtestатталған жеке және (немесе) занды тұлғалар көрсететін қызмет сапасын тексеруге;

4) Қазақстан Республикасының аஸыл тұқымды мал шаруашылығы туралы зандарының нормалары бұзылған жағдайда, анықталған бұзушылықты жойғанға дейін асыл тұқымды өнім (материал) сатуды тоқтата тұруға;

5) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға қызметтері Қазақстан Республикасының аஸыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы зандарының талаптарына сәйкес келмеген кезде, малды өз төлінен өсіру жөнінде қызмет көрсететін жеке және (немесе) занды тұлғаларға берілген атtestаттың қолданылуын тоқтата тұру, асыл тұқымды мал зауытын, малды асылдандырушы шаруашылықты, малды асылдандырушы орталықты және дистрибутерлік орталықты атtestаттан айыру туралы ұсыныс енгізуге;

6) селекция және асыл тұқымды өнімнен (материалдан) төл алу саласында жаңа технологиялардың, аспаптардың, жабдықтардың, материалдар мен биотехнологиялық әдістердің қолданылуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыруға;

7) Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыруға құқылы.

3. Аஸыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың

өздерінің құзыреті шегіндегі актілерін асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің орындауы міндетті.

4. Асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) жоғары түрған органдарға не сотқа шағым жасалуы мүмкін.".

10. 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер
қызметін мемлекеттік аттестаттау

Мемлекеттік аттестаттау асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында қызметпен айналысатын жеке және занды тұлғалардың өтініші бойынша өткізіледі.

Қайтадан аттестаттау аттестаттау мерзімі аяқталғаннан кейін міндетті түрде өткізіледі.

Асыл тұқымды мал зауыты, малды асылдандыруши шаруашылық, малды асылдандыруши орталық, дистрибутерлік орталық, сондай-ақ малды өз төлінен өсіру бойынша қызмет көрсету жөніндегі жеке және занды тұлғалар мәртебесін беру ведомствоаралық сараптама комиссиясының қорытындысы негізінде асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның шешімімен жүргізіледі.

Аттестаттауды (қайтадан аттестаттауды) жүргізу, сондай-ақ мәртебе беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді".

11. 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Асыл тұқымды өнімді (материалды) мемлекеттік есепке алу

Зандарда белгіленген тәртіппен танылған асыл тұқымды өнім (материал) мемлекеттік есепке алынуға тиіс.

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің асыл тұқымды малының және асыл тұқымды мал табындарының саны мен өнімділігі туралы деректер асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркеліміне малдың түрлері мен тұқымдарына қарай енгізіледі.

Шығу тегі, өнімділігі мен асыл тұқымдық сапасы бойынша неғұрлым құнды мал туралы асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің деректері асыл тұқымды малдың мемлекеттік кітabyна енгізіледі.

Асыл тұқымды малы немесе асыл тұқымды мал табындары бар, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер болып табылмайтын жеке және занды тұлғалар асыл тұқымды өнімді (материалды) есепке алушы жүргізе алады және бар малды немесе асыл тұқымды мал табындарын асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркеліміне енгізу мақсатында асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға есеп бере алады.

Асыл тұқымды малдың мемлекеттік кітaby мен мемлекеттік тіркеліміне енгізілген деректер мүдделі тұлғалар үшін қол жетімді болып табылады.

Асыл тұқымды өнімді (материалды) есепке алу нысандарын, асыл тұқымды малдың мемлекеттік кітабы және асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімі туралы ережелерді асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган әзірлеп, бекітеді.".

12. 14-бапта:

- 1) екінші бөліктегі "сертификат (куәлік)" деген сөздер "сәйкестік сертификаты (асыл тұқымдық куәлік)" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 2) үшінші және төртінші бөліктер алып тасталсын.

13. 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау

1. Асыл тұқымды мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бағдарламаларының негізінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қолдаудың негізгі нысандары мыналар:

- 1) асыл тұқымды малдың, соның ішінде шектеулі тектік қоры бар тұқымдардың тектік қорын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларды субсидиялау;
- 2) отандық ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің асыл тұқымды өнімге (материалға) қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды субсидиялау.

2. Асыл тұқымды мал шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бағыттарын, асыл тұқымды өнімнің (материалдың) әрбір түріне, республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын асыл тұқымды малдың тектік қорын сақтау және қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларға арналған субсидиялардың нормативтерін Қазақстан Республикасының Үкіметі асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынымы бойынша белгілейді.

3. Жергілікті атқарушы органдар республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын қолдау нысандарына қатысы жоқ бағыттар бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығына қолдау көрсетуге құқылы.

4. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қаржыландыру зандарда белгіленген тәртіппен республикалық бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының зандарында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.".

14. 16-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацында "Мемлекеттік асыл тұқымды мал қызметінің тиісті органдарымен" деген сөздер "Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Асыл тұқымды өнімді (материалды) тану және

сәйкестік сертификатын (асыл тұқымдық куәлік) беру

1. Өнім (материал) мынадай жағдайларда, егер:

стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі аккредитацияланған орган

берген сәйкестік сертификаты (асыл тұқымдық күелігі) болса;

ұрық аттестатталған малды асылдандыруши орталықтарда асыл тұқымды малдан алынып, сұрыпталса және сәйкестік сертификаты (асыл тұқымдық күелігі) болса;

эмбрионды малды өз төлінен өсіру жөнінде қызмет көрсететін аттестатталған жеке және (немесе) занды тұлғалар аттестатталған асыл тұқымды мал зауытынан, малды асылдандыруши шаруашылықтан алып, сұрыптаса және сәйкестік сертификаты (асыл тұқымдық күелігі) болса;

аурудан және бактериялармен ұрықтанудан амандығы туралы ветеринариялық күелігі болса, ол асыл тұқымды деп танылады.

2. Егер экспорттаушы елдің реңми органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық күелікті асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган таныса және аталған күелік халықаралық нормаларға сәйкес келсе, ол асыл тұқымды деп танылады".

16. 18-бапта:

1) бірінші бөліктің екінші абзацында "қолдан ұрықтандыру жөніндегі ұйымдарда және эмбриондарды телу жөніндегі ұйымдарда" деген сөздер "асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы аттестатталған субъектілерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) бірінші бөліктің бесінші абзацында "сертификаты" деген сөз "сәйкестік сертификаттары (асыл тұқымдық күеліктері)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) екінші және үшінші бөліктер алып тасталсын.

17. 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Асыл тұқымды өнімді (материалды) бағалау

Асыл тұқымды өнім (материал) міндетті түрде бағлануға тиіс.

Бағалауды асыл тұқымдық құндылықты анықтау жөнінде қызмет көрсететін аттестатталған жеке және (немесе) аккредитацияланған занды тұлғалар асыл тұқымды малдың шығу тегін, өнімділігін, олардың тектік ақаулығы жоқтығын, сондай-ақ ұрықтың немесе эмбриондардың шығу тегі мен сапасын анықтау және құжатпен растау мақсатында жүргізеді".

18. 20-бапта:

1) екінші бөлікте "тексеру асыл тұқымды мал белгіленген өнімділік деңгейіне жеткізілген асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі ұйымдарда жүргізіледі." деген сөздер "тексеруді малдың асыл тұқымдық құндылығын анықтау жөнінде қызмет көрсететін аттестатталған жеке және (немесе) аккредитацияланған занды тұлғалар жүргізеді." деген сөздермен ауыстырылсын;

2) үшінші бөлік алып тасталсын;

3) төртінші бөлікте "Қазақстан Республикасының Үкіметі арнағы уәкілеттік берген асыл тұқымды мал шаруашылығын басқару жөніндегі мемлекеттік орган бекітетін әдістемеге сәйкес" деген сөздер "асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы

уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін тәртіппен" деген сөздермен аудыстырылсын.

19. 21-бапта "Мемлекеттік асыл тұқымды мал өсіру қызметі" деген сөздер "Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен аудыстырылсын.

20. 5-тараудың тақырыбында "қызметті" деген сөз "субъектілердің қызметін" деген сөздермен аудыстырылсын және бұдан әрі мәтін бойынша;

22-бапта:

1) 22-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер";

2) бірінші бөліктегі "асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі үйымдар және жеке тұлғалар" деген сөздер "жеке және занды тұлғалар" деген сөздермен аудыстырылсын;

3) екінші бөліктегі "азаматтарға" деген сөздер "жеке тұлғаларға" деген

сөздермен аудыстырылсын, "асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі үйымдардың" деген сөздер "асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің" деген сөздермен аудыстырылсын;

4) үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен нысандар бойынша деректерді есепке алуды жүргізеді және есептілікті табыс етеді.".

21. 23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы

субъектілердің түрлері

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерге:

асыл тұқымды мал зауыттары;

малды асылдандырушы шаруашылықтар;

малды асылдандырушы орталықтар;

дистрибутерлік орталықтар;

малды өз төлінен өсіру жөнінде қызмет көрсететін жеке және (немесе)

занды тұлғалар;

малдың асыл тұқымдық құндылығын анықтау жөнінде қызмет көрсететін жеке және (немесе) занды тұлғалар жатады.".

22. 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"24-бап. Аஸыл тұқымды мал зауыттары қызметінің негізгі бағыттары

Асыл тұқымды мал зауыттары қызметінің негізгі бағыттары:

белгілі бір тұқымдарға жататын сапасы анықталған зауыттық типтегі

малды өсіру, жетілдіру және сату;

асыл тұқымды малдың, соның ішінде шектеулі тектік қоры бар тұқымдардың тектік әлеуетін асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытудың бекітілген бағдарламалары шенберінде және ғылым жетістіктеріне сәйкес жетілдіру;

ауди шаруашылық малының жаңа тұқымдарын, зауыттық типтерін, тұқымдық желілерін, кросстарын және тұқым топтарын өсіріп шығару болып табылады.".

23. 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Малды асылдандырушы шаруашылықтар қызметінің негізгі бағыттары

асыл тұқымды малдың белгілі бір тұқымдарын, тұқымдық желілерін, типтерін және кросстарын, соның ішінде шектеулі тектік қоры бар тұқымдарды ұстау, оларды өз төлінен өсіру, өсіру, сондай-ақ шығарылған асыл тұқымды өнімді (материалды) сату;

асыл тұқымды малдың тектік әлеуетін асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытудың бекітілген бағдарламалары шенберінде және ғылым жетістіктеріне сәйкес жетілдіру болып табылады.".

24. 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"26-бап. Малды асылдандырушы орталықтар қызметінің негізгі бағыттары

1. Малды асылдандырушы орталықтар қызметінің негізгі бағыттары:

- 1) тұқымдық малдың ұрығын алу, жинақтау және сақтау;
- 2) тұқымдық малдың асыл тұқымдық құндылығын төлдің сапасына қарай анықтау;
- 3) асылдандырушылар деп танылған тұқымдық малдың ұрығын сату;
- 4) эмбриондарды сатып алу, сақтау және сату;
- 5) ұрық пен эмбриондарды пайдалану нәтижелерін есепке алу, олар туралы деректер банкін жүргізу;
- 6) тектік қормен алмасуды жүзеге асыру болып табылады.

2. Малды аஸылдандырушы орталықтардағы тұқымдық малдың тұқым және сан құрамын асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган ғылыми ұйымдармен бірлесе отырып, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бағдарламасының шенберінде аймақтық мамандануға, тұқым жерсіндірілуіне қарай және Қазақстан Республикасының аналық малды қолдан ұрықтандыруды өткізуге арналған ұрыққа деген қажеттіліктерін ескере отырып, белгілейді.".

25. 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Асыл тұқымды өнім (материал) сату жөніндегі дистрибутерлік орталықтар қызметінің негізгі бағыттары Асыл тұқымды өнім (материал) сату жөніндегі дистрибутерлік орталықтар қызметінің негізгі бағыттары асылдандырушылар деп танылған тұқымдық малдың ұрығын және эмбриондарды сатып алу, сақтау және сату болып табылады.".

26. 28-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"28-бап. Малды өз төлінен өсіру жөнінде қызмет көрсететін жеке және (немесе) заңды тұлғалар қызметінің негізгі бағыттары Малды өз төлінен өсіру жөнінде қызмет көрсететін жеке және (немесе) заңды тұлғалар қызметінің негізгі бағыттары:

қолдан шағылыстыру;

қолдан ұрықтандыру;

эмбриондарды телу (алмастырып салу) болып табылады.".

27. 5-тaraу мынадай редакциядағы 28-1-баппен толықтырылсын:

"28-1-бап. Малдың асыл тұқымдық құндылығын анықтау жөнінде қызмет көрсететін жеке және (немесе) заңды тұлғалар қызметінің негізгі бағыттары

Малдың асыл тұқымдық құндылығын анықтау жөнінде қызмет көрсететін жеке және (немесе) заңды тұлғалар қызметінің негізгі бағыттары асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен әдістемелерге сәйкес асыл тұқымды малдың асыл тұқымдық құндылығын және асыл тұқымды өнімнің (материалдың) сапасын анықтау оларды сәйкестендіру болып табылады.".

28. 6-тaraу алып тасталсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК